

газетной работы можно назвать первыми регулярными опытами популяризации науки в казахстанской печати. Именно здесь стали появляться портретные очерки и путевые заметки.

Следующее издание - «Дала уалаятының газеті», в котором согласно справочника «Статей, опубликованных в «Киргизской степной газете» в 1888 – 1902 гг.», также имеются статьи, прямо или опосредованно популяризирующие знания, науку, образование.

Среди них: «Білім Һәм медресесі турасынан» («Из истории науки и медресе»), в которой речь идет о 800 – летней истории итальянского университета, о пользе образования и просвещения, книгоиздательстве, школах – медресе. Автор подводит читателя к мысли, что человек немислим без развития, оно возможно лишь при наличии определенных знаний.

В статье «Жолаушы Пржевальский» («Путешественник Пржевальский») рассказывается об исследованиях ученого и путешественника, его вкладе в развитие географии, об успехах в изучении края, которые позволяют развивать и совершенствовать эту науку.

В «Білім турасынан бір хабар» («Информации о новостях в области познания») речь идет об организации профессором Петербургского университета Э.Ю. Петри выездной научной экспедиции для изучения истории, быта, культуры казахов. По результатам ее будет составлен научный отчет, обнародованный в университетских журналах. Редакция обещает познакомить читателей с результатами экспедиции.

Редакция публикует «Балқаштан баспанаханаға хат» (Письмо из Балхаша в редакцию), в котором читатели обращаются с просьбой: опубликовать в «Дала уалаятының газеті» побольше сказок, легенд, эпосов, рассказов, поднимать проблемы литературы, рассказывать о новых произведениях.

Привлекает внимание сообщение о новых книгах «Жаңа кітаптар», где дается рецензия на книгу А.М. Дохмана «Кумыс и его значение при лечении различных болезней».

Таким образом, на страницах «Дала уалаятының газеті» за годы ее существования мы можем отследить большое количество статей, сообщений, рецензий, извлечений по научно – познавательной тематике, что позволяет нам констатировать зарождение этой специализации в казахской журналистике. В газете были опубликованы материалы показывающие стремление казахской молодежи к знаниям. Как указывает Х.Н. Бекхожин, «в «Дала уалаятының газеті» печатались статьи казахских просветителей. Хотя они написаны с точки зрения политики царского правительства, эти статьи как фактический материал представляют большой интерес».

Необходимость и значение просвещения в газете пропагандировалось в специальных «беседах» (здесь мы можем провести аналоги с произведениями Ломоносова и Герцена, которые довольно подробно описали в начале главы). Вот беседа «Об учении»: «Всякое дело требует знания. Знание всему учит, во всем поможет. Поможет и по хозяйству. Если будешь хозяйничать по совету людей знающих, хозяйство будет успешно идти и доходу принесет. Знание поможет и как от беды и от болезни избавиться.

Ученого, знающего, трудно обмануть, обидишь, он скоро найдет защиту, ибо знает закон.

Учение и порядку научит, и добру наставит, научит, как из своих детей сделать людей хороших и полезных, чтобы и им жилось лучше.

Учение поможет и в достатках, и в бедности. Потому что сейчас подскажет, как лучше управиться, что нужно сделать, чтобы помочь себе.

Ученье свет, неученье тьма!»

В своем исследовании «Қазіргі қазақ баспасөзіндегі ұлттық мәдениет, салт-дәстүр және стиль мәселелері» («Проблемы национальной культуры, традиций и обычаев, языка и стиля в современной казахской печати») исследователь Д.Баялиева, ссылаясь на мнение ученого Г.Абилькасымова, содержащееся в труде «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» («Язык первых казахских газет»), пишет: «Первые ласточки национальной периодической печати – «Түкістан уалаятының газеті» и «Дала уалаятының газеті» явились большим событием в культурной жизни казахского народа. Хотя данные издания (как многократно подчеркивалось) являлись органом местного колониального управления, они, несмотря на это, сыграли доминантную роль для казахов: призывали народ к оседлости, культуре, науке, образованию. На своих страницах газеты поднимали вопросы, касающиеся проблем развития казахского языка. Их издание на казахском языке оказало большое влияние на развитие казахского письменного литературного языка. Сформировался отсутствовавший ранее общественно-политический стиль, стиль деловых бумаг, начал формироваться научный стиль. Были сделаны первые попытки перевода. Шел процесс заимствования слов из других языков, формировались новые термины. Язык таким образом активно развивался. С помощью газет укрепилась структура грамматики казахского языка».

«Киргизское наречие, - писала «Дала уалаятының газеті», - хотя и выходит в состав тюркского языка, издревле имеет самостоятельное употребление и отличается в произношении собственными ему фонетическими акцентами, помимо грамматических особенностей, не свойственных другим наречиям. Сами слова представляют довольно видную разность по форме, в произношении, свойственном каждой нации и в изменчивости элементов, входящих в состав самих слов, которые переделывались сообразно характерам, манере речи каждого народа. Например, звуку «я» в татарских словах по-киргизски

соответствует в большинстве случаев «ж», «ш-с», «м-б» и пр. Киргизская речь отличается простотою, свободно непринужденностью произношения и патриархальной жизнью народа».

ЛИТЕРАТУРА

1. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. –Алматы: Мектеп, 1981.
2. Козыбаев С. К., Нода Л. П., Рожков А.В. Журналистика Казахстана. Энциклопедия. – Алматы, 2006.
3. Субханбердина Ү Дала уалаятының газеті. -Алматы: Ғылым, 1996. -61 б.

Поступила в редакцию 17.01.2011.

Ұ.М. ЕСЕНБЕКОВА

ЖАҢА КЕЗЕҢ ТЕЛЕПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Ұлттық дәстүрлер көркемдік шеберліктің халықтар жинаған мол қазынасын ғасырдан ғасырға әкеліп тапсыратын эстафета іспеттес... Дәстүрлер шебер суреткерлердің жаңашылдық ізденуі арқасында толысып, түрленіп отырады.

Расында да, елеулі үрдістер негізінде телехабарлардағы ұлттық нышандар да қоғам дамуы мен кезеңге орай жаңа мазмұнда, тың түрде ілгері дамиды. Өмір шындығын сол кезеңнің кейіпкерлерінің ішкі сезім күйлерімен қабыстыра оған экранның сан қырлы, кескінді әдіс-тәсілдерін байланыстыра білу керек дейді маман тележурналистер.

Астанада 2002 жылдың наурыз айының 14-ші жұлдызында бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәселеге байланысты Қазақстан Парламентінде өткен тыңдаудан кейін журналистермен болған кездесуде «Хабар» ЖАҚ директорлар кеңесінің төрайымы Дариға Назарбаева жаңа жағдайда телеарналарға түсіністікпен қарап, мемлекет тарапынан қаржылай көмектің қажеттігі, кадрлар даярлау мәселесі жөнінде өз ой-пікірін ортаға салып, қазақ тіліндегі бағдарламалардың сапасын және ұлттық хабарлардың санын арттыруға ерекше назар аударылуына тоқталды.

Ал, мемлекеттік тілдің жай-күйіне өз көзқарасын білдірген мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Қыдырәлі Болманов ойын былай түйіндеді: «Қазақ «көш жүре түзеледі» дейді, бірақ бізде әлі көш қозғалған да жоқ. Телеарналардың ең әсерлі тәрбие құралы екенін ескерсек, ұлттық мүдде тұрғысынан жоғалтарымыз қаншама. Олай болса, көшті қозғамай болмас».

Демократия мен жариялылық телепублицистерге жаңа, тың тақырыптармен қатар, өзгешеліктерін де ала келді. Саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени салалардағы жаңаша ойлау үрдісінің телехабарларда объективті көрініс табуы оңайға соқпады. 1985 жылдың сәуір айынан бастап қоғамды қайта құру және жанарту үрдісі басталды. Республиканың түрлі салаларындағы саяси, экономикалық, мәдени өзгерістер, әр түрлі көзқарастар, ой еркіндігі теледидар хабарларының да бағытын, мазмұнын өзгертті. Бағдарламалардың танымдық, тарихи сипаты белең алды: «Демократия алдымен там-тұмдап жұрттың санасында қозғалысқа түсті. Кейін ұшқыннан жалын лаулады» [1].

Жетпіс жыл бойына партияның саясатына риясыз бойсұнып, сол кезеңнің беделін жоғары бағалаған халықтың бұл өзгерістерді бірден қабылдай қоюы оңайға түспеді. Бір қоғамнан екінші қоғамға өтудегі көпшіліктің мұндай дағдарысының болуы заңды да. Осы құбылысты дер кезінде байқаған теледидар басшылары телехабарлар мазмұнын арттырып, оларда талдамалы-сараптау әдісін қолдануға мол орын берді. Бүгінгі күннің объективті өміріне жақындап, қоғамдық-саяси, экономикалық құбылыстарды көрерменге ұғынықты түсіндіре білді, әрі бір мезгілде ұлттық сана-сезім сілкінісін тудырды. Демократия табалдырығына аяқ артқан алғашқы жылдары тіл, дін, ұлттық дәстүр, мәдени мұра, имандылықты жаңғыртып, тарихтағы тың деректерді ашуға атсалысқан бағдарламалар мамандар пікірімен дәйектеліп отырылды. Жаңа, тың тақырыптардың ашық айтылуы бағдарламалар мәні мен маңызын арттырды. Осының бәрі де экрандағы телепублицистің интеллектуальдық алымдылығына сын болды. Хабардағы көрініс, ойдағы мазмұн, түрдегі жаңашылдық, ізденістегі түрлілік, пішіндегі өзгешелік бәрі де телепублицистің тереңдігі мен парасаттылығына баланып жатты.

Қай кезеңде де журналист өз заманының көзі мен құлағы, тілі мен үні болған. Ол өзінің айналасында болып жатқан оқиғалар мен қоғамдағы өзгерулерге дара интеллектуальдық алымдылығымен үн қоса отырып, өмір сүріп отырған кезең жайлы өз пікірі мен түйгендерін ақыл-ой биіктігінің дәрежесінде баяндайды. Ал, кешегі күнгі журналистер қауымы кеңестік жүйенің қыры мен сырын, озық тұстары мен табыстары жайлы шалқи тебіренсе, бүгінде заманның ыңғайына орай кезеңнің қиындықтары мен одан шығу жолдарын, нарық қатынастарының қоғамдағы көңіл-күйге тигізіп жатқан өсері жайында үзбей жазып, теледидардан көрсетіп, радиодан әңгімелеуде.

Дегенмен, біз әліге дейін бүгінгі нарық кезеңіндегі телепублицистердің кім екендігін, оның қандай принциптерді басшылыққа алып, нендей мәселелерге баса көңіл бөлуі керектігін әлі де толықтай

бағамдап, оған ой тоқтатқан жоқпыз. Біз күні бүгін де Ресейлік не әлемдік, ішінара отандық зерттеушілер пікірлеріне сүйеніп, топшылап түйін жасап, зерттеп-зерделеп, тексеріп-талдап, қорытып-байлам жасап келеміз. Алайда, оның бәрінің діттеген жерден шығып, көңілімізге қонақтап жатқаны шамалы.

Алдымен журналистер мәдени саладағы факторлармен қарулана отырып, журналистиканың принциптері мен функциясынан хабардар болып, әрі ақпарат құралдарының қызметі жайлы заңдарды орындауға міндетті. Сонымен бірлікте, әлеуметтік қоғамдағы шыншыл деректерді тауып, соны іріктеп пайдалануға, бір мезгілде бүгінгі дамыған қоғамдағы журналист еңбегінің нарық заңымен байланыстылығына терең мән беріп, өздеріне қойылатын жаңа талаптарға сақайдай-сай болулары керек.

Ғалым Т.Амандосов: «Журналистика - өмірдің сырлы суреті. Журналистика арқауы - шындық. Журналист өмір фактілері мен құбылыстарының бәрін бірдей, қалай болса солай жинақтай бермейді, ол мәселеге қоғамдық мақсат тұрғысынан қарай отырып, осыған аса қажетті мысалдардың идеалына сай келетіндерін іріктеп алып, соларды шығармасына арқау етеді...», - дейді [2].

Демек, өзіміз өмір сүріп отырған қоғам - бейне, көрініс, оқиға. Көкірегі ояу, көзі ашық журналист кез келген мәселеге ар-ожданының идеалы биіктігінен келіп, өмірге барлау жасап, шындық шыңына шыққанша зерттеу жүргізіп, зерделейді екен. Телепублицист идеалына сай келген шындық дүние ғана оның қаламының ұшына ілініп, оператор көзімен камераға лайықталып, режиссер жан әлемінде оған жан бітіп, сазгердің сиқырлы әуенімен әрленіп, сан миллион көрермен жүрегіне қонақтайды. Телепублицист кез келген құбылысты өзінің дүниетанымы тұрғысынан бағалап, оған пікір білдіреді, ой дүниесінің биіктігінде саралап, салмақтайды. Қандай жағдайда да оның танымдық көзқарасы мен сол кезеңге деген ұстанған позициясын, өзі тыныстап отырған қоғам айқындайды. Қоғамнан тыс өмір сүретін, оның бір бөлшегіне айналмайтын жан болмақ емес. Істеген ісің, өмірге келтірген шығармаң не дүниең болсын, сол шақ, сол кезеңмен байланыста болады.

Телепублицист объективіне ілінген факті не әрекеттің бәрі де көрерменге Сенім ұялатып, ой тастайтындай, терең де жан-жақты талдау мен дәлелге құрылуы шарт. Публицистиканы зерттеушілер ондағы тереңдік пен тамырластықты оның мазмұнынан іздеген. Шындығында бағдарламадағы шырайлылық пен түрдегі көркемдікті, автор сценарийінің мазмұнынан іздеуге тиістіміз. Сценарий мазмұны терең ойлы, құнарлы әрі талғамға құрылып, оған тартымды тіл мен жарасымды стиль қосылса, ол құбыла құлпырып, экран ажарын кіргізеді. Осыдан келіп, көпке ұнамды телепублицистің жекелік қырлары көрермен алдында жарқырай көрінеді.

Уақыттың ілгерілеуіне, эстетикалық талғам - тілегіміздің жаңғыруына байланысты ойды жарыққа шығарудың тәсілі ретінде теледидар бағдарламаларында символикалықтың қоныс тебуі әбден заңды. Ғылым шарықтап шегіне шыққан сайын, қоғамдық сананың ерекше түрі - телевизияның да күрделенуі, ойды білдірудің жаңаша тәсілдеріне құлаш ұруы орынды. Сол ойды жарыққа шығарудың бір жолы - символика. Ол туған теледидарымыз бен әдебиетімізде бүгін ғана пайда болған емес, фольклорлық нұсқаларымызда бұрыннан бар нәрсе. Қобыланды жырындағы «Шөл иесіз, сұңқар қиясыз» деген Тоқтарбай өмірінің әр қырын елестететін жолдар ойды символикалық образбен жеткізудің балаң түрі болатын.

Теледидардан Сағат Әшімбаев жүргізген «Парыз бен қарызда» көзге түсетін, көңілге ұялайтын айрықша жәйттер - символикалық сипаттардың берік жымдасып, бір-біріне табиғи кіріге түсуі. Негізгі өзгешеліктің бір ұшығы да осында. Символика түйік идеяны, ойды тұспалдап, астарлап, мегзеп айту. Мегзеу дегенде оны абстракциялық жұмбақтаумен шатастырмаған жөн. Бірде, С. Әшімбаев: «Телехабарлардың сәтті, жақсы шығуы, елдің көкейіндегіні, жұрттың ойындағыны тап басуы», біздің ең басты мақсатымыз болу керек деп ойлаймын. Хабарымыздың жақсы шығуы ол алдымен біздің жеке басымыздағы парасатқа, биік интеллектіге, терең дүниетанымға байланысты... Творчество дегеннің өзі ой мен ізденістің жемісі» [3].

Қайда жүрсе де, қай істің құлағында отырса да өз ойын ашып айтқанша, халық мүддесін қозғағанша, оған дем бергенше дегбірі қалмайтын Сағаттың теледидар арқылы ұлттың тәуелсіздік, тіл, жер, егемендік, демократия проблемалары, желтоқсан қатыгездігін жайып салуға деген ынта-ықыласы, мазасыз тірлігі, қауырт қызметі еске түскенде көз алдымызға оның айтып қалайыншы деп аптыққан келбеті келеді. Оның төл идеясын алып шыққан «Парыз бен қарыз» - қазақ халқының ең сүйіп қарап, қолдаған хабары болғаны даусыз. Осы хабарда ол қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу деген ғалымдарының, ақын-жазушыларының, тілшілері мен тарихшыларының, философтары мен демографтарының, өнер және мәдениет қайраткерлерінің ойын қосты. Ортақ тақырыпқа тамыздық тастай отырып, сол азаматтарымыздың халқы, туған тілі, жері, саясаты, тарихы, адами, адамгершілік мұраттары, мәдениетіміз бен өнеріміз, болашағымыз жайлы толғақты ойларының томағасын сыпырып, тиегін ағытты. Ондағысы - халқымыз тындасын, білсін, зерделесін, түйсініп, оянып-серпілсін дегендік. Әрине, Мұндай ой еркіндігі әлдекімдерге, әкімдерге жайсыз тиіп, шаншудай қадалғаны шындық еді.

Күн сайын өзгерумен болған саяси, қоғамдық өзгерулердің өтінде Сағаттың иығына түскен салмақ аз емес еді. Бір хабарды бір хабар, бір жарғыны-бір жарғы жоққа шығарып жатқанда, қаңқу сөзге бой бермей, китүркысы мол уақыттың, ескі көзқарастағы енжар ақпарат пен жаңа құрылымдардың ортасында тепе - теңдік таныту, өз ойынның, алға қойған мақсатының дұрыстығын, жалпы халықтық мүдде екенін

дәлелдей берудің өзі оңай деп кім ойлар? Кімнің басына түссе де сұмдық ауыр сын емес пе. Қай кезде де уақытпен үндесу, жаңалықты қабылдай білу көзі ашық, көкірегі ояудың ғана қолынан келген. Ал Сағаттың жаңалық десе жанып түсер, соның жанашыры бола білгендігіне ешкім күмән келтіре қоймас.

Алғаш рет «Парыз бен қарыз» қазақ зиялыларының санасында құйындай ұйтқып, оттай шарпып өтті. Бұл топтама екі жылдың ішінде 14 рет ұйымдастырылды. Хабар кезінде көгілдір экран алдына өз халқы туралы ойлай алатын әрбір қазақ жиналған-ақ шығар. Бұл топтама туралы Қазақ теледидарының 30 жылдық тарихындағы бұрын-соңды болмаған «құбылыс» деп сеніммен айтуға болады.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алу мәселесі, Қазақстанның егемендігі, демографиялық жайлар, репрессияға ұшырағандарды ақтау туралы да ең бірінші рет қоғам алдында ашық сөз қозғаған «Парыз бен қарыз» хабары болатын.

Қазақ халқының өткен, бүгін не істеу керектігі, болашағы, оның XX, ғасыр босағасын тиісті дәрежедегі өркениетпен аттауы, міне «Парыз бен қарыздың» басты мақсаты осы ойлар төңірегінде әңгіме қозғау еді. Оның үстіне бұл мәселелердің бәрі терең, жан-жақты қаралды. Бақытымызға қарай, хабарға Қазақстанның интеллектуалды күші тартылды.

Олар: С. Зиманов, С. Сартаев, Ж. Әбділдин сияқты академиктер мен корреспондент - мүшелер, С. Әженов, Ғ. Мұстафин, Қ. Жарықбаев, Шүлембаев сияқты профессорлар еді. Әрине, хабарға бұлардан басқа, қоғамның әр саладағы беделді өкілдері де көптеп тартылды. Олардың арасында жұмысшылар, дін басылары, тіпті экстрасенстер де болды. Бәрінің басын жинағандағы мақсат не? Тек бір ғана ой: қалайда жаңа, пайдалы идея айтып, онымен миллиондаған жұртшылықты таныстыру еді. Бұл арада автордың діттеген мақсаты орындалды деуге әбден болады. Осы жерде біз кейіпкерлеріміз бен оның ісін тек жағымды жағынан ғана сипаттап отырғанымыз жоқ. Жекелеген адамның өз пікірі бар, біз оны құрметтейміз. «Парыз бен қарыздың» тіпті қарама - қайшы пікірдегі адамдардың қатысуы арқылы жүргізілуі де, сол көрерменді құрметтеудің нышаны. Ең бастысы - шындықты жарыққа шығарудың амалы еді.

Мәселен, 50-шы жылдардың аяғы мен 60-шы жылдардың басында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болған кезінде халықтарды қолдап біріктіруге атсалысып, көптеген қазақ мектебі мен балабақшаларын жабуға, ұлттық домбырамыз бен эпостарымызды жоққа шығаруға тікелей атсалысқан Н. Жанділдин мен сол кезде «Қазақ әдебиетінде» қызмет етіп, оған қарсы шығып қуғынға түскен Р. Бердібаевтың арасындағы диалог та эфирге тікелей шықты. Демократтық, әділ бағыт ұстап отырған жүргізушінің арқасында өткен айтыс - тартыс Отанға, елге, жерге бағытталған ыстық сезім мен тамаша жаңа идеялар туғызды.

Желтоқсан оқиғасы жайлы шындықтың бетін ашқан «Парыз бен қарыз» топтамасы шын мәнінде қазақ ұлттық - демократиялық журналистикалық белесті ісі еді. Шындығында да өзінің ұлттық құқың ең бірінші рет әлемге жариялап, оған сүйеу іздеу қажет болатын. А. Герценнің: «Сөз өлмеген жерде, онда істің де әлі өлмегені» деген сөзі расқа шықты. Бостандық үшін күрескен «желтоқсандықтар» да осыдан жүз жыл бұрын Сенат алаңында атылған декабристердің ерлігін қайталады.

Академик - түрколог А. Н. Кононов өз еңбегінде А. Байтұрсынұвты атап өткені үшін Академия жиналысында қатаң сыналды. Ал Олжас Сүлейменовтің КСРО Жазушылар Одағының мінберінен репрессияға ұшырағандарды ақтау керек деген сөзі желге ұшты. Міне, осы жайларды қарастыра келгенде С. Әшімбаев хабарды дайындау барысында алдында қандай қаулы күтіп тұрғанын білді. Сөйте тұра бойындағы қорқыныш даусын түншықтыра білді. «Парыз бен қарыз» хабары тек халықтан қолдау тапқанымен, С. Әшімбаевтың қатар жүрген әріптестері арасынан жоғары жаққа - КОКП-ның Орталық Комитетіне арыз домалатқандар да болды. Дәл сол «Парыз бен қарыз» жүріп жатқан кезде де қазақ зиялыларының арасынан қасиетті қазақ тілінің дамуына қарсы шыққандар табылды ғой. Бүкіл өмірін қазақ тіліне арнаған І. Кенесбаевтың өзі не демеді?

Кейін ол тіпті төрағалыққа көтерілді. Әйтседе ол осы өзінің көтерген ұлттық - демократиялық көзқарасын сақтап, тарихымыз бен мәдениетіміздің, халықтың ұлттық дәстүрін көтеру жолында едәуір еңбек сіңірді. Оның ықпалымен жаңа телерадио хабарлары пайда болды. Қазақ радиосы қариялардың естеліктерін, ұлттық тарих пен мәдениетке байланысты жұртшылық көзқарастарын жазумен айналысып, Қазақстанның әлем өркениетіне шығуына жол ашатын ағылшын тіліндегі хабарлар таратуға кірісті.

Сағат «Адамның азаматтық қасиеті өз қара басына емес, басқаға жасаған қайырымдылығымен өлшенетін сияқты», [4] - деген концепцияның адамы. Қара басына емес, халқына қайырымдылықты ол қайткенде молырақ жасай алатын еді? Миллиондаған көрермені бар көгілдір экраннан ашына сөйлегенде, ашыла сырласқанда! Сағаттың мүмкіндігі көгілдір экран мүмкіндігімен осылай сәйкесті, осылай қабысты. Сонау сексенінші жылдардағы «Жүректен қозғайық» кемелдене келе «Парыз бен қарыз» хабарына ұласты. Сағат «Парыз бен қарызды» көгілдір экранға сәтті шығарды. Әрбір халықтық мүддемен қабысқан сәтті іс иесін киесіндей көтереді ғой. Елден кеткен есесін айтқан, халықтың көкейіндегісін көре білген «Парыз бен қарыз» Сағат Әшімбаевты халықшыл, ағартушы қайраткер биігіне көтеріп алып кетті.

«Парыз бен қарыз» қандай хабар? Бұл - сипаты жағынан ағартушылық хабар. Көтерген мәселесі жөнінен - сынға құрылған проблемалық хабар. Материалды, деректерді жинақтап беруі жағынан талдау

мәнеріндегі философиялық толғаныс. Бұл кемшілікті коллективтік формада көру. Бюрократизмге көп болып қолдасып жасалған шабуыл. Халық трагедиясын коллективтік формада айту. «Парыз бек қарыз» - Сағаттай азаматтың халық қасіретіне жанып жамау еткен, халық қасиетіне жанын жалау еткен ерекше тындырымды бір ісі!

Өнердің кез келген түрі өзін аялауды, сый - құрмет көрсетуді қажет етеді. Өйткені, ол осыған лайықты. Театр не көрме залдары, өнер адамдарының қайсыбірі болсын, адам жан дүниесін әсемдікке бөлеп, әдемілікпен аялайды. Осының бәрі де өнерге деген құрмет, оған деген сезім. Осыдан келіп өнерге деген сүйспеншілік туындап, ықылас артады. Ал, теледидар бұл салада тым қорғансыз, әрі әлсіз. Ол өнер түрінің өзгелеріне қойылатын талаптан, теп-тегіс еді. Ол - тек қана өз күшімен, қабілет-қарымы, әсер етушілігімен ғана көрермендерін өзіне тарта, олардың сый-құрметіне бөленеді. Ал, теледидардан бөлек өнер түрлерінің театр, кино, әдебиет т. б. ескерсек, өнер түрлерінің ішінде бүгінгі теледидарға жүктеліп отырған міндеттің ауырылығы сезіле түседі.

Теледидар бүгінде өзінің жаңа бір эстетикалық мүмкіндіктерін танытар шағында. Ол өзінің болашақ «негізін қалаушыларын» күтуде. Шын мәнінде олардың орындары өлі де бос.

Шығармашылық ауыр әрі азапты еңбек қай кезеңде де журналист өмірінің бір бөлшегі болып саналған. Экономистер, социологтар, әлеуметтік саладағы психологтар кәсіби шеберлік құбылыстың көп қырлылығын мойындай отырып, зерттеу барысында оның толық картинасын бермей, жекелеген тармақтарына ғана көңіл аударуда. Осы құбылысты біз журналистік зерттеу аймағынан да бақылап, байқаймыз. Сонымен, журналистен талап етілетін жиынтықтар мыналар екен: «а) көпшілік алдында сөйленетін тақырыпқа байланысты деректерге зер сала, талдау жасау; ә) олардың қоғам дамуындағы ғылыми-материалистік заңдылыққа қатыстылығы; б) жарияланымдағы сөз бен істің бірлігі; публицист шығармасындағы көңіл-күй сезімінің шыншылдығы; в) публицистикалық шығармаға терең бойлай отырып, оқиғаны әйгілі баяндаудан да гөрі терең және шыншыл көріністің бірлігіне ден қою» [5]. Енді, осы айтылғандарды ой топшысына салып көрелік.

Біріншіден, факті қай шығарманың болсын арқа сүйейтін, сілтеме жасайтын негізгі нысаны болып табылады.

Екіншіден, журналистің кез келген туындысы қоғамдағы қандай да бір мәселеге қатысты жазылып, оған жанамалап болса да талдау жасалынады.

Үшіншіден, оқырман - тыңдарман - көрермен БАҚ-тан сөз бен істің бірлігін іздей отырып бір мезгілде журналистің шығармасынан оның шыншыл сезімін табуға талпынады.

Төртіншіден, материалға жан-жақты әрі байыпты талдау, шашырай байланысқан бірліктердің тұтастығы және сезімді селт еткізіп отырып, сәуле себелейтін, ой тастайтын, ойландыратын пікірлер жиынтығы да керек. Журналист қаламынан өмірге келген туындыда осы мәселелер бір-бірімен қойындаса байланысып, тоңның ішкі бауындай жүйеленіп жатса, шығарма арқауы да ширай түсіп, кейіпкерлер тіршілігі жанданып, көріністерге жан бітіп, тамырларына қан жүгіреді. Көрермен мен оқырманның қымбат уақытын бөліп, экраннан сарыла күткенде іздегені осы сәт.

Телепублицистің жекелілік өзегі - оның әлеуметтік-дүниетанымдық позициясы мен оның қабілет-қарымы, кәсібіне бейімділігі. «Өзек төңірегіндегі:

бірінші мәселе - жекелілік қырлары (интеллектуальдылығы, эмоциялық психологиясы, еркіндік және денсаулығы).

Екіншісі - білім жүйесі: энциклопедиялылығы, журналистік кәсібилігі, мамандануы.

Үшіншісі - тәжірибесі мен тәлімі» [6]. Осының негізінде журналистің білімі мен қабілеті, шығармасының сапалылығы келіп тоқайласады. Әрі бір мезгілде тәжірибелік қайраткерлігі сезіле және журналистің - азаматтық, заңдылық, этикалық жауапкершілігі арта түседі. Демек, қандай да бір мәселеде болсын, журналистің жан-жақтылығы мен даралығы, білімдарлығы мен парасаттылығы басты орынға қойылады екен.

Телепублицист параметрлерінің спектрін кең көлемде ала отырып және осымен байланысты проблемада (шығармашылық әдіске қатыстылығы, жанрлық рейтинг, этикалық мәселелер т. б.) соңғы кезеңде БАҚ қызметкерлері мен көпшілік аудиториясы арасында социологиялық зерттеулер жүргізілетіндігі бүгінгі күн талабынан туындап отырған аспектілердің бірі. Алайда, біздің байқауымызша журналистік құрамға зерттеу бүгінде макродәрежеде жүргізілуде. Оның жекелілігі құрамның бір бөлшегі ретінде қарастырыла отырылып, қосымша оның ісінің сапалылығы, жан-жақтылығы әрі өзге де қасиеттері қамтылуы тиісті. Сондықтан да журналистік зерттеу барысында проблемаға микродәрежеде талдау жасап әрі олардың әртүрлі тобын: әлеуметтік-кәсібилік, өмірін; публицистикалық шығармаларының сапасы мен қаламының қарымдылығын; редакция ұжымындағы еркіндік пен ол ортаға сіңісуді де бірлікте қарастыру шарт.

Соңғы кезеңде байқалып жүрген бір құбылыс, ол журналистердің бойынан әлеуметтік қабаттарды бөліп алып, оны жеке элита түрінде қарастырулары. Алайда БАҚ қызметкерлері арасында таңдаулы журналистер санаулы ғана. Орта статистикалық мәліметтер объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты журналистердің әлі де таңдаулылар қатарынан орын алуға мүмкіндіктерінің жоқтығын көрсетіп беріп отыр.

Көптеген сұраныс нәтижесі көрсеткендей, бүгінде қоғамдық өндірісте жұмыс істеу маңыздылығын жойған. Ол әлеуметтік мәні бар бағалылық болып табылудан қалуда. Салыстырмалы түрдегі талдау көрсеткендей, «жұмыстың өмірдегі басты мәселе екендігі АҚШ жұртшылығының арасында 50 пайызды құраса, ол Швецияда - 45, ФРГ-да-25, ал ТМД елдерінде небәрі -10 пайыз ғана екен» [7]. Бұл жағдайдың себептерін мынандай жайлармен байланыстыра қараған орынды. Бір жағынан, жалақының төмендегі олардың қалыпты өмір сүруіне кепілдік болмаса, екіншіден, оның өзіне ұнаған кәсіпті қалауына мүмкіндігінің жоқтығы. Осы бір көрініс журналистиканы да айналып өтпеді.

БАҚ қызметкерлері арасында жүргізілген 1995 жылғы сұраныс Ресейдің сегіз аймағында өткізілді. Онда журналистік мамандық кәсібилігінің бұрынғыға қарағанда едәуір төмендегені байқалады. Егер, ол «қайта құруға дейін 26,5 пайызды құраса, жариялылықтың алғашқы жылдарында - 42 пайызға дейін көтеріліп, 1995 жылы - небәрі 14,5 пайызды құраған» [8].

Сөз бостандығы әлі құрсауда тұрған кездің өзінде де журналист мамандығының кәсібилігі, бүгінгіден әлдеқайда жоғары болған. Ал, оған мысалды Қазақстаннан, оның ішінде Қазақ теледидарынан алып қарасақта жеткілікті. 1985 жылдары Қазақ теледидарында 700-ге жуық шығармашылық, ал 1500-ден астам техникалық және қосалқы топтағы қызметкерлер болды. Егемендіктің алғашқы жылдарында өмірге келген КТК, ТАН, 31 арна секілді тәуелсіз телеарналар мен 1995 жылы шаңырақ көтерген «Хабар» агенттігіне Қазақ теледидарынан жалақы мәселесінің аздығынан білікті кадрлар көптеп кете бастады. 1999 жылы Қазақ теледидарында небәрі 1900-дей адам қызмет істесе, бүгінде (2003 ж.) бұл көрсеткіш 406-ға дейін төмендеген. Әрі, оған қосымша 90-жылдардан басталған қысқарту теледидарды да айналып өткен жоқ. Білікті әрі білімді кадрлар жөнсіз қысқарту құрбандарына айналды. Ал, жаңадан алынғандар бұл кәсіптің қыры мен сырынан хабары жоқтар болып шықты. Солай етіп, қысқарту зияны, теледидар төріне әліптi таяқ деп білмейтін, осы саланың құпиясына таныс емес, беймәлім тұлғаларды алып келді. Мұның зияны, көрерменнің көз алдында телеарнаның имиджі мен бет-бейнесін жоғалтуға соқтыруда.

Егер біз «публицистиканы адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастардың көрінісі» [9], - деп қарасақ, онда осы әрекеттерді өзінің ой-сезімінде суарып, оған көрік беретін телепублицист оны өмірдің әр қырымен байланыстыра қарап, оған өз таным-түйсігінен баға береді. Маңыздылығы, оның жеке дара қарастырылмай, көріністердің жиынтық формада тұтастай байланыстылықпен, бір-біріне өзектесе, тоқайласуы. Осы бірігу, өмір құбылыстарындағы экономикалық, қоғамдық, идеологиялық процестерді телепублицист кәрігіне салып, одан жан-жағы жұмырланған, илеуі қанған дүниені өмірге әкеледі.

Публицист сценарийге негіз етіп алған материалдарды зерттеп, өмір көріністерін сипаттап, тақырыбын айқындап, фактілерін саралағанда да, алдына белгілі бір айқын мақсат қояды. Сценарийдің өн бойындағы мазмұн мен түрдің тұтастығы да журналистің өмірлік тәжірибесі мен шынайы шеберлігіне, өмірдің сан қырлы көріністерін саралап, байқампаздықпен талдай білуіне, деректерді дәл әрі жүйелілікпен таңдай білуіне де байланысты. Телепублицистің басты мақсаты өз шығармасы арқылы қоғамдық санаға белгілі бір дәрежеде ықпал жасап, көрермен назарын аударып, көтеріп отырған тақырыбының төңірегінде көпшіліктің пікірін ояту. Миллиондаған көрермен аудиториясына тыңнан пікірлер ұсыну, жаңа бір мәселені айқындылықпен түсіндіріп беру, ең бастысы шыншыл жайларға көпшіліктің көзін жеткізу.

Кезінде өмірімізге кірігіп, орныққан саясаттың қатаң орталықтандырылуы мен баспасөз еркіндігінің болмауы журналистер шығармашылығының идеологиялық шектеулілігіне алып келді. Оған қоса, сол кезеңде олардың әрбірінің жекелілік бағалылығы да еленбеді. Бөтен пиғылдағы жекелілер партия ұйымының талабына бағынышты болды және саясаттың сойылын соқты. Сондықтан дәл бүгінгі күні журналистің шығармашылық мүмкіндігін ашу жолдарын іздестіру, әрі олардың өз-өзіне бақылау мен басқаруды қалыптастыру қажеттігі келіп туындауда. Міндет, уақыт кезеңіндегі түрлі қайшылықтардан туындап отыр. Бір жағынан, бақылау жоқ - не қалайсың соны жаза бер; екінші жағынан - нарық, экономикалық қиындықтар көптеген БАҚ-ын жар жиегіне апарып тіреп, қайыршылыққа дейін алып келді.

Журналистер өмір сүрудің, өздеріне таныс емес, беймәлім жолдарын іздестіріп аласұрды. Сондай кезеңде, егемен мемлекеттің әлеуметтік және саяси институты ретіндегі БАҚ-қа тән өзекті мәселелердің бірі - ақпарат тәуелсіздігі яғни басылымдардың экономикалық дербестігі, оның бағдары ғана емес, сонымен бірге, журналистері мен авторларының пікірлері де күн тәртібіне қойылды. Баспасөз бостандығы өзінің азамат және көзқарас тұрғысындағы бағытынды айқындауға мүмкіндік беріп қана қоймай, әрі Қазақстанның қазіргі өтпелі кезеңдегі жылнамасына өз үлесінді қосуынды да көздейді. Ал, оның бәрі қоғамның бір саласындағы демократиялық үрдістерді белсендіре түсуге елеулі серпін берген мемлекеттік егемендік алудан арна тартты. Тәуелсіздік тұғырындағы телепублицистер де өздерінің күнделікті жұмыстарында қоғамды толғанып, қоғам толғатып отырған өткір мәселелерге шынайылықпен үн қосып, батыл зерттеулер мен тың пікірлерге ден қойды.

1990-шы жылы республикада 552 бұқаралық ақпарат құралдары тіркелсе, 1991 жылы олардың саны 744-ке, 1992 жылы 1052-ге, 2002 жылы 1410-ға жетті. Бүгінде Қазақстан баспасөзін:

мемлекеттік, коммерциялық, саяси партиялар мен қозғалыстардың басылымдары және аймақтық БАҚ деп төрт топқа бөлуге болады. Бұдан БАҚ қоғам мен мемлекетте болып жатқан өзгерістерді барынша айқын сипаттап береді деген тұжырым жасау ләзім.

Демократиялық қоғамда БАҚ бостандығы мен тәуелсіздігінің деңгейі негізгі үш факторға тәуелді. Олар:

«1) тиісті заң жасау; 2) қалыптасып келе жатқан нарық жағдайына бейімделіп, одан аман шығу; 3) кәсібилік және халық пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіну» [10]. Демек, мемлекетте тек ақпараттық жасақтау, сақтау, өңдеу және тарату саласында туындап қалған реттеу мәселесі ғана қалды. Соған сай, биліктен айырылуға жақын қалған үкімет те жанталаса қимылдап, жекелеген басылымдар мен телерадиоарналарды өз уыстарында ұстап қалды. Мемлекет барлығы 14 газет пен 8 журналды мүмкіндігінше қаржыландырады. Бұдан басқа салық кодексінде барлық жекеменшік түрлеріндегі Қазақстандық баспасөз қосымша құн салығын босатылуын қамтамасыз ететін бап қарастырылған. Ресей Федерациясының бұрынғы баспа және ақпарат министрі М. Федотов осы жайларға орай өз пікірін былайша түйіндеген: «Қазір біз аса қайғылы процестерді байқаймыз.

Бүгін газет редакциялары мен радио-теледидардан кәсіби журналистер жанұяларына тамақ табу үшін, жарнама бизнесі мен экономиканың басқа салаларына кетіп жатыр. Ал қалып жатқандардың көпшілігінің кәсіби шеберліктері төмен не жоқ, олар журналиске тән нормаларды ғана емес, жалпы адамзаттық этикадан да хабарсыз» [11]. Саликалы пікір, бұдан бірнеше жылдар бұрын айтылса да, ол өз маңыздылығын бүгін де жойған жоқ. Бақытымызға қарай редакцияларда қалған үркердей топтың кәсібилігі бүгінде басылым беттері мен теледидар, радио хабарларына әрлілік пен жандылық, бірегейлік пен мағыналық беруде. Журналистика ардагерлерінің бірі Александр Бовин 1997 жылы дипломатиялық саладағы қызметін тастап, «Известияға» қайта оралды.

Қазақстанда да танымал журналисттер «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттеріне қайта оралды. А. Бовин ашық мәлімдегендей, көптеген газет және телевизиялық материалдардың интеллектуальдык әрі рухани дәрежесі айтарлықтай төмендеген. Осы жерде, қазақ тележурналистикасының кемшілігі жайында сөз қозғаған артық етпейді. Көпшілігінде объективті себептерден бөлек, таза кәсіби кемшіліктер де мол. 1. Эфирден сөйлеу не кадрге мәтін даярлау кезіндегі тіл қасандығы. Күні бүгінге дейін кеңестік кезеңде ҚазТАГ қалыптастырған стильдің көбесі әлі сөгілген жоқ. Әрі, телерадио журналистері де өз материалдарына газет тілін пайдалануды тоқтатар емес. Тележүргізушілердің сөз саптасына қарап, сөйлем құру мәдениетінің, теледидар тілі мен ауызекі тіл арасындағы алшақтықтың мол екендігін байқаймыз. 2. Теледидардағы журналистердің қызыл сөзге құмарлығы. Телепублицистикаға мүлде қыры жоқ журналистер бүгінгі электронды ақпарат құралдарында молынан ұшырасады.

Олар қазақ тілінің орфоэпиялық ережелерінен мүлдем бейхабар. Бұлар автордың тіл байлығының керемет екенін байқауға ғана бағытталған, бірақ сөз болып отырған мәселеге тікелей қатысы шамалы. Мұның өзі қасаң сөйлемдерге толы сценарий жазғыштардың қатарын көбейтеді. Редактор материалындағы әрбір артық, бос сөзді жалықпай сызып отыру арқылы нақтылыққа тәрбиелейтін талғамды бас редакторлар да аз. 3. Тележурналист қолына түскен дерек пен факті, өмір жайлы терең әрі жан-жақты ізденістің жоқтығы. Елеулі оқиға немесе проблеманың соңына түсіп, оны әбден зерттеп-зерделеп, анық-қанығына жетіп барып жазудың орнына, қазақ журналисі көбіне оқиғаның бетінен қалқыған мәліметін көрерменмен бөлісуге асығады. Бұл журналистің білімсіздігін әрі ісіне деген жауапкерсіздігін аңғартса керек. 4. Эфирдегі журналистердің көпшілігінде, көрермендеріне ақыл айту басым. Мұрты енді ғана тебіндеген жастың алпыстағы ақсақал секілді ақыл айтуы, не сәуегейлік жасап ақыл-өсиет беруі жиілеп барады. 5. Біз күні бүгінге дейін Ресей мәліметтеріне сілтеме жасап, ақпараттық тәуелсіздіктен құтыла алмай келеміз. Мұның өзі, тележурналистердің оқиғаға Астана не Алматы призмасынан қарай алмауына әкеліп соқтырады.

Шын мәнінде, Ресейдегі А. Аграновский, Ю. Щеговичин, Ю. Рост, А. Левико, А. Бовин, Қазақстандағы К. Смайллов, С. Әшімбаев, Ш. Мұртаза, Ғ. Шалахметов, Н. Иманғалиұлы, С. Жанболат, Ғ. Боқаш т.б. көрнекті телепублицистердің публицистикасында аналитикалық талдау мен журналист пікірінің өткірлігі басым болатын. Бүгінде теледидардағы көңіл көтеретін думанды «ток-шоу» бағдарламаларының жүргізушілері ел арасында әйгілікке ие.

БАҚ-та талантты кадрлар әрқалай орналасқан. Ұлттық журналистикадағы «соңғы алыптар» бүгінде жас саясатшылар, экономистер, заңгерлер мен әдебиетшілер қоршауында қалған. Бұл журналист кадрларын даярлау кезіндегі осы саладағы жіберілген олқылықтар бола тұра, ол болашақтағы паблик рилейшнз, жарнама әрі бұқаралық баспасөзге журналистер даярлау кезінде ойлануымызды қажет ететін жәйт. Өзінің шексіз бас айналатын беделімен журналистердің короліне айналған электронды ақпарат құралдарының басшылары бүгінгі жаңа буындағы журналистерге арқа сүйеуден тайсақтайтындарын айтады. Себебі, бағдарлама сапасының көпшілігінде кәсіби кадрларға байланысты екендігі жасырын емес. Әрі журналистикадағы «теңгермешілдік» факті өз дәрежесінде ескеріле бермейді. Олар, көңіл көтерерлік бағдарламалардағы баяндаудың көпірмешілдігі, әрі экономикалық, саяси және әлеуметтік тақырыптарды талдау кезіндегі терендіктің жетіспеушілігі. Нарықтық бәсеке кезеңінде газет пен журнал, радио мен теледидардағы сұхбат, ақпараттық хабарлама, корреспонденциялар оқырман, көрермен назарын өзіне аударуға тырысып бағуда.

Осы жерде жұмысын жаңадан бастаған телепублицистердің табысқа жету жолдарын қарастыра кеткен артықтық етпейді. Мәтіннің негізінде қашанда факті жатады. Журналист оны шығармасының өн бойында пайдалана отырып, ол төңіректегі өзінің болжамы мен ой-пікірін де қоса білдіреді. Әрі, ондағы сенсация не «шулы оқиғалар» да қабаттаса жүреді. Сенсацияға көзсіздікпен ұмтылған журналист өзінің

ой-пікірін редакцияға батылдықпен ұсына отырып, қажет болса жарияланымда кейіпкерді қорлауға дейін барады. Сюжет не шығармадағы елеусіз ғана фактінің өзі шулы оқиғаны туындатып, ол көрермен мен оқырманның қызметінде қайғылы болып та аяқталуы мүмкін. Фактідегі алшақтық, жарияланған ақпараттағы бетінен қалқушылық көпшілігінде оларды сот процестеріне дейін алып келеді.

Телепублицистикадағы қолтаңбалық жекелілік, өу бастан бас айналатын түрлі әдістерге бағдарлам болмаса да, келе-келе ол журналист қандай жанрда жазбасын, оның шығармашылық бет-бейнесін айқындады. Автор - редакциядағы «қаламы ұшқыр» тұлға. Ол есепсіз портреттік әлде ғылыми танымдық очерктермен бірге шоулар, мақалалар, рецензиялар, түсініктемелер де жазған. Бір мезгілде ол экономикалық және саяси білімнен қаруланып, жан-жақты ойлауға дағдыланған. Бүгінде уақыт кезеңі, жоғары интеллектуальды аудиторияға арналған телебағдарламалар мен газет-журнал материалдарын шиыршық атқыза, байыпты жазатын публицистердің өзгеше тобын талап етіп отыр. Аудиторияның әрқелкілігі мен информация тасқынының молдығы «төртінші билік» иелерінің әлемдік өркениет биіктігінен көз тастауларын талап етуде. Егер оған ілесе алмасақ, онда қалың көрермен мен оқырманнан айырылып қалуымыз айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Смайллов К. Жолданбаған 27 хат. - Алматы: Қазақстан, 1992. – 171 б.
2. Амандосов Т. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. - Алматы: Мектеп, 1978. - 126 б.
3. Ученова В. Основные направления разработки теории публицистики.
4. Введение в теорию журналистики. Сост. Е.П. Прохоров. - М.: МГУ, 1999. -С.126.
5. Травин В., Дятлов В. Основы кадрового менеджмента. - М.: Огонек, 1995. -С.108.
6. Вильчик В. Умерьте амбиции//Журналист. 1995. - №7. - С.61.
7. Амандосов Т. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. -Алматы: Мектеп, 1978. - 128 б.
8. Сәрсенбаев А. Қазақстанның демократиялық ақпарат кеңістігін қалыптастыру // Ақиқат. - 1999. - №3. -15 б.
9. Федотов М. Пришествие свободы печати в России пока откладывается // Международная жизнь. - 1994. - №11. - С. 17.
10. Журналист. Социологические и социопсихологические исследования/ Под ред. Л.Г.Свитич и др. - М: МГУ, 1994. - С. 63.
11. Котлер Ф. Основы маркетинга. - М.: МГУ, 1991. - С. 648.

Редакцияға 17.01.2011 қабылданды.

О.Г. КУНГУРОВА

КОНЦЕПЦИЯ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ПУТЬ В ИСТОРИИ ОТ ИДЕИ ДО ПАРАДИГМЫ

The article considers the problem of life-long education. The origin of life-long education is presented in its historical formation and its design into a paradigm. The article also characterizes the problems of life-long education in Kazakhstan.

Развитие системы образования является приоритетным направлением государственной политики большинства стран мира, в том числе и Республики Казахстан. Система непрерывного образования имеет столь огромное значение именно сейчас, когда информация, знания, мотивация к их постоянному обновлению становятся решающим фактором мирового развития. Прежде, чем стать концепцией, идея непрерывного образования исторически прошла довольно плодотворный и длительный путь научного осмысления. В научно-педагогической литературе представлены три основные точки зрения на ее происхождение.

Первая принадлежит сторонникам “древнего” происхождения идеи непрерывного образования (А.В. Даринский, Х. Гуммель, Г.А. Ягодин и др.), которые считают, что идея непрерывного образования существует столько же, сколько и человеческое общество. Приверженцы второй точки зрения связывают появление этой идеи с современной эпохой, характеризующейся активными процессами развития в духовной, социальной, производственной и научно-технической сферах (О.В. Купцов, В.Г. Осипов и др.) Третья точка зрения сводится к тому, что, хотя сама идея непрерывного образования достаточно давно существует в педагогике, соответствующий ей вид практики возник только в эпоху НТР, то есть в XX веке (А.П.Владиславлев, Г.П. Зинченко, В.Г. Онушкин и др.).

Утверждение о древности идеи имеет целый ряд приверженцев. Так, индийский исследователь П. Шукла возводит ее к сакральному ведическому произведению «Шатапатха-Брахманы» (около 1000 года до н.э.), где записано «учись каждый день». Р. Дейв (Индия) и А. Кропли (Австралия) называют основоположником идеи непрерывного образования Солон. Часть исследователей считают оправданным возведение идеи непрерывного образования к древним писаниям - Библии, Корану, Талмуду. Однако все-таки большинство